

Қазақстан Республикасының ғылым және білім министрлігі
«Alikhan Bokeihan University» БМ
Біліктілікті жетілдіру және қосымша білім беру институты



Институт директоры, доктор PhD
Маматажанов М.Б.
Қыркүйек айында 2021 жыл

Әлеуметтік қызметкерлерге арналған
біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы
«Қарттармен, егде жастағы азаматтармен, мүгедектермен әлеуметтік
жұмыстың заманауи технологиялары »

1. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік қызметкерге арналған «Қарттармен, егде жастағы азаматтармен, мүгедектермен әлеуметтік жұмыстың заманауи технологиялары» қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институты (институт) «Alikhan Bokeihan University» БМ әзірлеген. Қазіргі заманға сай білім беру жүйесін жанарту мен жетілдіруге бағытталған бағдарлама әлеуметтік жұмыс мамандарының біліктілік көтеруіне арналған. Бағдарлама институтта каралып, оқу процесінде пайдалану үшін ұсынылды.

2. Бағдарлама қосымша құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған әлеуметтік қызметкерлердің қарттармен, егде жастағы азаматтармен, мүгедектермен әлеуметтік жұмыстың заманауи технологияларын қолдану жүйесі және қарттармен әлеуметтік психологиялық жұмыс жүргізудің ерекшеліктері мәселелері бойынша дайындалған.

3. Курстың ұзақтығы осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқу жоспары бойынша 72 академиялық сағатты құрайды.

2. Глоссарий

Әлеуметтік мемлекет адамдардың жұмыс, тұрғын үй, денсаулығын қорғау, әлеуметтік кепілдіктер беру, сақтандыру және т.б. жөніндегі қажеттерін қанағаттандыруды білдіреді.

Әлеуметтік қамтамасыз ету – мемлекеттік әлеуметтік тәуекел деп мойындаған туындауынан пайда болады, азаматтардың материалдық және әлеуметтік жағдайының салаларын және азайтуға бағытталған құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру шарасы.

Әлеуметтік саясат-қоғамның жақсы дамуын қамтамасыз етуге, әлеуметтік мүдделер мен қажеттіліктерді қанағаттандыруға, лайықты өмір салтын орнатуға бағытталған саяси шешімдер мен іс-әрекеттердің жиынтығы.

Геронтология(грекше geron және logos – ілім) – адамның және жануарлар организмнің қартаю заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Гериятрия (грекше geron және iatreia – емдеу) - егде тартқан және қартайған адамдардың ауруларын зерттейтін клиникалық медицинаның бөлімі

Мүгедек – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы **нашарлаған адам**;

Мүгедек бала – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам;

Мүгедектерді әлеуметтік оңалту - мүгедектердің тіршілік-тынысының шектелуін жеңіп шығуы үшін жағдай туғызуға, олардың әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруге, әлеуметтік-тұрмыстық және ортаға бейімделуіне бағытталған шаралар кешені;

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау - мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету, оңалту, сондай-ақ олардың қоғамға етене араласуы жөніндегі шаралар кешені;

Мүгедектерді жұмысқа орналастыруға арналған арнаулы жұмыс орындары - мүгедектің жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып жабдықталған жұмыс орындары;

Мүгедектерді кәсіптік оңалту - мүгедектердің бұзылған не жоғалтқан кәсіптік дағдыларын, білімі мен машықтарын алуына немесе қалпына келтіруіне және оларды бейімдеу мен жұмысқа орналастыруға бағытталған шаралар кешені;

3. Бағдарламаның тақырыптары

4. Бағдарлама осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқу жоспарына сәйкес мынадай тақырыптарды зерделеуді көздейді:

- Қарттармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің теориялық және әдістемелік негіздері
- Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету заңдылықтары мен жолдары.Үйде әлеуметтік қызмет көрсетудің бағыттары
- Қарттармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің заманауи технологиялары
- Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмек түрлері. Мүгедектердің құқықтары
- Мүмкінділігі шектеулі балалармен 18 жастан асқан психоневрологиялық ауытқуы бар мүмкіндігі шектеулі балалармен отбасымен ата-анасымен бірлесе отырып психологиялық жұмыс жүргізудің жаңа технологиялары

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері және оқыту нәтижелері

5. Бағдарламаның мақсаты Әлеуметтік қызметкерлердің қарттармен, егде жастағы адамдармен, мүгедектермен әлеуметтік жұмыстың заманауи технологияларын меңгеруге, мүгедектерді дамыту қалыпты ортаға қосу бағытындағы әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық дамытудың жаңа технологияларын меңгеру бойынша қосымша құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады.

6. Бағдарламаның міндеттері :

1) Қарттармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің теориялық және әдістемелік негіздерін меңгеру;

2) Қарттармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің құқықтық негіздерін білу және заңдар, нормативтік актілермен стандарттармен жұмыс жүргізу жолдарын игерту;

3) Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына сәйкес Мүгедектермен әлеуметтік жұмыс жүргізу бағытында технологияларын жетілдіру. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жеке жұмыс жүргізу, арнайы бағдарламалар бойынша оқыту, TRIZ технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, жобалық қызмет технологиясы, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар бойынша білім алу;

4) Мүмкінділігі шектеулі балалар мен 18 жастан асқан психоневрологиялық ауытқуы бар мүмкіндігі шектеулі азаматтарға отбасымен, достарымен, ата-анасымен

бірлесе отырып психологиялық жұмыс жүргізу технологияларын игеру, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға медициналық, коррекциялық дамытушылық, дефектолог, психолог мамандардың қызмет атқару технологиялары мен жолдарын қарастыру

7. Оқыту нәтижелері:

1) Әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары, әлеуметтік қызмет көрсетуді реттейтін нормативтік құқықтық актілер, үйде әлеуметтік қызмет көрсету бойынша жұмысты жоспарлаудың ерекшеліктері мен мазмұны туралы білімді қалыптастыру және қарттармен, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың жеке мүмкіндіктерін ашу;

2) Әлеуметтік қызмет және қарттарға мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру бойынша ақпаратты табу, талдау және жүйелеу;

3) Мүмкіндігі шектеулі балаларды және олардың ата-аналарын психологиялық-педагогикалық қолдау тәсілдерін қолданады, жеке білім беру бағдарламасын жасайды, құрастырады.

4) Әлеуметтік қызметкердің өз іс-әрекетін және клиенттің іс-әрекетін жақсартудың дағдыларын, әдістерін, нысандары мен тәсілдерін түсінуі және қолдануы.

5) Қарттармен, егде жастағы азаматтармен, мүгедектермен әлеуметтік жұмыстың заманауи технологияларын меңгеру.

5.Бағдарлама мазмұны және құрылымы

8. Бағдарлама 2 модульден тұрады:

1) Қарттармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің теориялық және әдістемелік негіздері, заманауи технологиялар;

2) Мүгедектермен әлеуметтік жұмыс жүргізудің заманауи технологиялары.

9. Оқу жоспары білім алушының өздік жұмыс жүргізуін қарастырған.

10.Тыңдаушылардың өздік жұмыстары үшін тапсырма:

1) Бағдарлама дәріс материалы бойынша қысқаша анализ жасау;

2) Әлеуметтік қызмет көрсетудің 8 бағыты бойынша өз жұмыс тәжірибелерінен материал ұсыну;

3) Әлеуметтік жұмыста кездесетін қиындықтарды жену жолдарын, әдістерін ұсыну;

6.Оқу процесін ұйымдастыру

11.Оқу процесін ұйымдастыру осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес 72 академиялық сағатты құрайтын курстың оқу жоспарына сәйкес біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады. Оқу мерзімі 14 күн.

12.Эпидемиологиялық жағдайға байланысты біліктілікті арттыру курстары екі форматтың бірінде өткізіледі:

1) жұмысты үзбей (соның ішінде қашықтықтан оқыту);

2) жалақысын сақтай отырып, жұмыстан бөлінуімен немесе ішінара бөлінуімен.

Қашықтықтан оқытудың аралас үлгілеріне рұқсат етіледі: онлайн немесе офлайн, вебинарлар түріндегі лекциялар немесе мұғалімдер бұрын жазып алған дәрістерге қолжетімділікті қамтамасыз ету сияқты балама форматтар; кестеге сәйкес семинар сабақтарында тапсырмаларды қашықтықтан орындау түрінде семинарлар өткізу.

13.Сабақ кестесін институт жасайды, оны директор бекітеді. Кесте жаттықтырушы мен тыңдаушыларға беріледі. Оқытушылардың оқу сабақтарына қатысуын бақылау жаттықтырушыға, сынып жетекшісіне және институт директорына жүктеледі.

14.Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім алушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында мыналар жүргізіледі: өзіндік жұмыс және қорытынды бақылау (тестілеу).

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамсыздандыру

15. Курстар институтта өткізіледі. Бағдарлама шеңберінде оқытудың тиімділігіне оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді пайдалану арқылы қол жеткізіледі:

1. Оқу-әдістемелік құралдар Тарих және әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамымен құрастырылған:

-Әлеуметтік жұмыс негіздері Оқу құралы Табулдинова А.М., Әдікеева А.М., Ногаева Н.М., Малгаждар Д.Б., Ашимова Г.М., Кудагельдин М.Т. Семей «Интеллект»2016
- Ногаева Н.М. Отбасы және балалармен әлеуметтік жұмыс Семей «Интеллект»2016

2. ШҚО, Семей қ., көш. Шмидт 44 те орналасқан коррекциялық кабинет

- ASUS моноблок;

- Компьютерлік АОС;

- интерактивті құмсалғыш;

- Ақыл-ойы бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық тексеруге арналған жиынтық (диагностикалық әдістемелер жинағы);

- Ойыншықтар (хайуанаттар бағы, көңілді қала, көлік)

3. Инклюзивті білім беру бағдарламаларын әзірлеу және ұйымдастыру бойынша Қазақстан-Израиль орталығы.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

16. Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағалау критерийлері мен бағдарламаның мазмұнын игеру параметрлері әзірленеді.

17. Өзіндік жұмысты жүргізу үшін мынадай критерийлер бөлінеді:

1) орындалмаған – 0 балл;

2) ішінара орындалды – 1 балл;

3) толық орындалды – 2 балл.

Өзіндік жұмысты бағалау критерийлері туралы мәліметтер 2-қосымшада көрсетілген.

18. Білімді игеру деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

1) оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру;

2) практикалық тапсырмаларды орындау кезінде теориялық білімді пайдалану;

3) ұсынылған материалдың практикалық маңыздылығы;

4) мәселенің ұсынылуының негіздемесі, толықтығы және анықтығы;

5) талаптарға сәйкес тіркеу.

19. Студенттердің өздік жұмысты орындау білімін бағалау ұпайларды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады?

1) «Өте жақсы»: 9-10 балл, (85-100%);

2) «Жақсы»: 7-8 ұпай, (75-84%);

3) «Қанағаттанарлық»: 5-6 балл, (50-74%);

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

20. Институт бір күнтізбелік жыл ішінде біліктілігін арттыру курсынан өткен әлеуметтік қызметкерлерге курстан кейінгі қолдау көрсетуді, әлеуметтік жұмыстың кәсіби қызметіндегі өзгерістерді қорытынды бақылау және талдау арқылы алған білімдерін тәжірибеде сапалы енгізу үшін қамтамасыз етеді. оқытушыға, оның ішінде қашықтан беріледі.

21. Маманның іс-әрекетін курстан кейінгі қамтамасыз ету нысандары:

- 1) сауалнама негізінде біліктілікті арттыру нәтижелері;
- 2) біліктілікті арттыру курстарынан өткен және алған білімін, дағдысы мен дағдысын іс жүзінде сәтті қолданатын әлеуметтік қызметкерлермен тәжірибе алмасу, олардың тәжірибесін қоғамда мойындау (бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар) іс-шараларына қатысуға тарту;
- 3) біліктілік көтеру бағдарламаларын коррекциялау

22. Оқытушының қызметін курстан кейінгі қамтамасыз ету мониторингі институтта талқыланады және хаттамамен ресімделеді. Қабылданған шешім негізінде жетілдіру бағдарламалары түзетілуде.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Холостова Е.И. Социальная работе с пожилыми людьми. Учебное пособие-5-е изд. перераб. и доп. М- 2007
2. Кайникенова Г.К. Әлеуметтік геронтология Көкшетау 2015ж
3. Кендирбекова Ж.Х. Әлеуметтік геронтология Караганда 2011ж
4. Әлеуметтік жұмыс негіздері Оқу құралы Табулдинова А.М., Әдікеева А.М., Ногаева Н.М., Малгаждар Д.Б., Ашимова Г.М., Кудгельдин М.Т. Семей «Интеллект»2016
5. Ногаева Н.М. Отбасы және балалармен әлеуметтік жұмыс Семей «Интеллект»2016

Қосымша әдебиеттер:

1. Медицинские и социальные проблемы в геронтологии. М., 2006 Мовкебаева З.А.
2. Инклюзивное образование: теория и практика: Монография. – А., 2016.
3. Мемлекеттік бағдарламалар мен заңдар, нормативтік актілер, стандарттар.

Білім беру бағдарламасының тақырыптық жоспары

«Қарттармен, егде жастағы азаматтармен, мүгедектермен әлеуметтік жұмыстың заманауи технологиялары»
72 сағат көлемінде

№	Тақырыптардың атауы	Барлық сағат саны	Дәріс	Өздік жұмыс
Модуль 1 Қарттармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің теориялық және әдістемелік негіздері, заманауи технологиялары				
1.	Қарттармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің теориялық және әдістемелік негіздері	8		
2.	Қарттармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің құқықтық негіздері	8	8	
3.	Үйде арнауы әлеуметтік қызмет көрсету заңдылықтары мен жолдары. Үйде әлеуметтік қызмет көрсетудің бағыттары	8	8	
4.	Қарттармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің заманауи технологиялары	8	3	5
Модуль 2. Мүгедектермен әлеуметтік жұмыс жүргізудің заманауи технологиялары.				
5.	Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмек түрлері. Мүгедектердің құқықтары және оларды әлеуметтік қорғау	8	8	
6.	Мүмкінділігі шектеулі балалармен 18 жастан асқан психоневрологиялық ауытқуы бар мүмкіндігі шектеулі балалармен отбасымен ата-анасымен бірлесе отырып психологиялық жұмыс жүргізудің жаңа технологиялары	8	3	5
7.	Мүмкінділігі шектеулі балалармен 18 жастан асқан психоневрологиялық ауытқуы бар мүмкіндігі шектеулі балалармен кешенді жұмыс жүргізу технологиялары (арнайы мамандар қызметі)	8	3	5
8.	Мүмкінділігі шектеулі адамдарды жұмысқа тарту технологияларының ерекшеліктері және шетелдік тәжірибелер	8	8	
9.	Мүгедектерді әлеуметтік оңалту	8	3	5
	Барлығы:	72	52	20

Барлығы: 72 академиялық сағат

Ескерту: 1 академиялық сағаттың ұзақтығы 45 минут.

Тәуелсіз тапсырмаларды бағалау критерийлері

№	Тапсырма	Бағалау критерийлері
1	Дәріс материалы бойынша қысқаша анализ	Қазіргі кезеңдегі қарттармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің мәселелері бойынша Бағдарламаның түйінді идеяларын терең түсіну қысқаша қызықты интерактивті материал дайындау мүмкіндігі.
2	Әлеуметтік қызмет көрсетудің 8 бағытының біреуі бойынша өз жұмыс тәжірибелерінен материал ұсыну;	Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін маманның маңызды кәсіби және жеке қасиеттерін зерттеуге бағытталған диагностикалық құралдарды білу. Алынған нәтижелермен әдістер пакетін дайындаңыз.
3	Әлеуметтік жұмыста кездесетін қиындықтарды жеңу жолдарын, әдістерін ұсыну	2-3 бет көлемінде Оқыған нәрсеге қатысты өз позициясының көрінісі. Әлеуметтік қызметкер қызметінде қолдана алатын зерттелетін мәселенің аспектілерін талдау. Интернеттен алынған сапасыз материалдың болмауы. Плагиат жоқ, басқа көздерден алынған материалға сілтемелер.